

**"Атом энергиясы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парағын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 747 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 811 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 426 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 35 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 6 қарашада № 17700 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. "Атом энергиясы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парағын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 747 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 811 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12678 болып тіркелген, 2016 жылғы 18 қаңтарда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Атом энергиясын пайдалану саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған:

1) қызметін осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес атом энергиясын пайдалану саласындағы субъектілердің тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес ядролық қондырғыларды қоспағанда, ықтимал радиациялық қауіптілігі III санаттағы объектілермен;

осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес ядролық қондырғыларды қоспағанда, ықтимал радиациялық қауіптілігі IV санаттағы объектілермен жүзеге асыратын субъектілерге қатысты атом энергиясын пайдалану саласындағы тексеру парақтары бекітілсін.";

Көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген атом энергиясы саласындағы субъектілердің тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген атом энергиясы саласындағы мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес 3-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрықты мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдеріндегі оның көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі*

*Т. Сүлейменов*

*Қазақстан Республикасының  
Энергетика министрі*

*Қ. Бозымбаев*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Бас прокуратурасының  
Құқықтық статистика және  
арнайы есепке алу жөніндегі  
комитетінің төрағасы  
\_\_\_\_\_ Қ. Жақыпбаев

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2018 жылғы 30 қазандағы  
№ 426 және  
Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің  
2018 жылғы 30 қазандағы  
№ 35 бірлескен бұйрығына  
1-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2015 жылғы 23 желтоқсандағы  
№ 747 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2015 жылғы 28 желтоқсандағы  
№ 811 бірлескен бұйрығына  
1-қосымша

## **Атом энергиясын пайдалану саласындағы субъектілердің тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Атом энергиясын пайдалану саласындағы субъектілердің тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) қызметін ядролық қондырғыларды қоспағанда, ықтимал радиациялық қауіптілігі III және IV санаттардағы объектілермен жүзеге асыратын субъектілерді (бұдан әрі – атом энергиясын пайдалану саласындағы субъектілер) тәуекел дәрежелері бойынша жатқызу мақсатында 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабы 4-тармағына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі №3 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру және тексеру парақтарының нысанын бекіту қағидаларына сәйкес әзірленген.

2. Осы Өлшемшарттарда пайдаланылатын түсініктер мен анықтамалар Қазақстан Республикасының мемлекеттік бақылау және қадағалау саласындағы заңнамаға сәйкес қолданылады.

3. Өлшемшарттар объективті және субъективті өлшемшарттар арқылы қалыптасады

### **2-тарау. Тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары**

4. Тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары ықтимал радиациялық қауіп-қатердің санатын негізге ала отырып анықталады:

III санатқа радиациялық әсері объектінің аумағымен шектелетін объектілер жатады;

4) IV санатқа радиациялық әсері сәулелену көздерімен жұмыс жүргізілетін үй-жайлармен шектелетін объектілер жатады.

5. Жоғары тәуекел дәрежесінің тобына ықтимал радиациялық қауіп-қатер санаттары бойынша субъектілер (объектілер), сондай-ақ атом энергиясын пайдалану саласындағы қызмет жатады:

1) III санат – субъектілер (объектілер) және атом энергиясын пайдалану саласындағы қызмет:

табиғи уран өндіретін және өңдейтін қондырғылар;  
жоғары активті радиоактивті қалдықтарды сақтау пункттері;  
орташа активті радиоактивті қалдықтарды сақтау пункттері;  
төмен активті радиоактивті қалдықтарды сақтау пункттері;  
радионуклидті көздерді сақтау пункттері;  
жоғары активті радиоактивті қалдықтарды көму пункттері;  
орташа активті радиоактивті қалдықтарды көму пункттері;  
төмен активті радиоактивті қалдықтарды көму пункттері;  
пайдаланылған радионуклидті көздерді көму пункттері;  
изотоптық құрамы көрсетілген ядролық материалдар;  
радиоактивті заттар;  
радиофармпрепараттар;  
нейтрон генераторлары;  
құрамында уран бар заттар;  
құрамында торий бар заттар;  
табиғи уранның қайта өңделген өнімдері;  
белсенділігі көрсетілген жабық радионуклидті көздер;  
жоғары активті радиоактивті қалдықтар;  
орташа активті радиоактивті қалдықтар;  
төмен активті радиоактивті қалдықтар;  
радиоизотоптық спектрометрлер, талдағыштар, датчиктер, өлшеуіштер;  
стационарлық радиоизотоптық дефектоскоптар;  
көшпелі радиоизотоптық дефектоскоптар;

қол жүгін, багажды, көлікті, материалдарды, заттарды жете тексеруге арналған радиоизотоптық қондырғылар;

энергиясы 10 МэВ жоғары электрондарды үдеткіштер;  
энергиясы 2 МэВ/нуклонға дейін иондарды үдеткіштер;  
энергиясы 2 МэВ/нуклоннан жоғары иондарды үдеткіштер;  
медициналық гамма-терапиялық қондырғылар;  
медициналық радиоизотоптық диагностикалық жабдық;

ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды, иондаушы сәулеленудің радиоизотоптық көздерін, радиоактивті қалдықтарды транзиттік тасымалдауды қоса алғанда, Қазақстан Республикасы аумағының шегінде тасымалдау;

радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу;

2) IV санат – субъектілер (объектілер):  
стационарлық рентгендік дефектоскоптар;  
көшпелі рентгендік дефектоскоптар;  
энергиясы 10 МэВ дейін электрондарды үдеткіштер.

6. Жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылмаған топқа атом энергиясын пайдалану саласында ықтимал радиациялық қауіп-қатер санаттары бойынша субъектілер (объектілер) жатады:

IV санат – субъектілер (объектілер) және атом энергиясын пайдалану саласындағы қызмет:

рентгендік спектрометрлер, талдағыштар, датчиктер, өлшеуіштер;

қол жүгін, багажды, көлікті, материалдарды, заттарды жете тексеруге арналған рентген жабдығы;

адамды жеке-дара жете тексеруге арналған рентген жабдығы;

зарядталған бөлшектерді медициналық үдеткіштер;

жалпы мақсаттағы медициналық рентген қондырғылары;

медициналық рентгендік дентальдық жабдық;

медициналық рентгендік маммографиялық қондырғылар;

медициналық рентгендік ангиографиялық жабдық;

медициналық компьютерлік рентгендік томографтар;

медициналық рентгендік терапиялық жабдық;

медициналық рентгендік симуляторлар;

атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсету;

ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғау;

жүргізілген ядролық жарылыстар нәтижесінде ластанған бұрынғы ядролық сынақ полигондарының аумақтарындағы және басқа да аумақтардағы қызмет;

ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау.

7. Жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты жартыжылдық графиктер негізінде тексерулер жүргізудің ерекше тәртібі қолданылады.

8. Бақылау субъектілері (объектілері) және атом энергиясын пайдалану саласындағы қызмет үшін тексерулер жүргізу мерзімділігі 5-тармақтың 1) тармақшасында көрсетілгендерге үш жылда бір реттен жиі болмауы тиіс, 5-тармақтың 2) тармақшасында көрсетілгендерге бес жылда бір реттен жиі болмауы тиіс.

### **3-тарау. Тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары**

9. Субъективті өлшемшарттар сақталмауы атом энергиясын пайдалану саласындағы субъектілердің тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттарына сәйкес

белгілі бір бұзушылықтар дәрежесіне сәйкес келетін тексеру парақтарының талаптары негізінде әзірленген. Тексеру парақтарындағы әрбір талапқа қатысты бұзушылық дәрежесі – өрескел, елеулі және болмашы дәрежелер айқындалады.

10. Өрескел бұзушылық – артық сәулеленуге, аумақтың және қоршаған ортаның радиациялық ластануына және (немесе) иондаушы сәулелену көздерін басқаруды жоғалтуға әкеп соғатын ядролық және (немесе) радиациялық қауіпсіздік және (немесе) ядролық физикалық қауіпсіздік талаптарын (бұдан әрі – талаптар) бұзушылық.

Елеулі бұзушылық – адам денсаулығына зиян келтіруге алып келетін талаптарды бұзушылық.

Болмашы бұзушылық – елеулі және өрескел бұзушылықтарға жатпайтын, алайда жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне залал келтіруге алып келетін талаптарды бұзушылық.

11. Бір өрескел бұзушылық анықталған кезде тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 100-ге теңестіріледі

Егер өрескел бұзушылық анықталмаған жағдайда, тәуекел дәрежесінің көрсеткішін анықтау үшін елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылығы бойынша жиынтық көрсеткіш есептелінеді.

12. Елеулі бұзушылық көрсеткішін анықтау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және осы көрсеткіш мынадай формуламен есептелінеді :

$$SP_3 = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,7$$

мұндағы:

$SP_3$  – елеулі бұзушылық көрсеткіші;

$SP_1$  – елеулі бұзушылықтың қажетті мөлшері;

$SP_2$  – анықталған елеулі бұзушылықтың саны.

13. Болмашы бұзушылық көрсеткішін анықтау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және осы көрсеткіш мынадай формуламен есептелінеді:

$$SP_n = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,3$$

мұндағы:

$SP_n$  – болмашы бұзушылықтар көрсеткіші;

$SP_1$  – болмашы бұзушылықтардың қажетті мөлшері;

$SP_2$  – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны.

14. Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкілмен есептелінеді және елеулі және болмашы бұзушылық көрсеткіштерін жинақтау арқылы мынадай формуламен анықталады:

$$SP = SP_3 + SP_n$$

мұндағы:

SP – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

SP<sub>3</sub> – елеулі бұзушылық көрсеткіші;

SP<sub>H</sub> – болмашы бұзушылық көрсеткіші.

15. Тәуекел дәрежесі жоғары субъект (объект) тәуекелді дәрежесінің көрсеткіштері бойынша:

1) тәуекел дәрежесінің 0-ден 60-қа дейін қоса есептегенде көрсеткіші кезінде осы Өлшемшарттардың 8-тармағында белгіленген мерзімділікпен тексерулер жүргізудің ерекше тәртібінен босатылады;

2) тәуекел дәрежесінің 61-ден 100-ге дейін қоса есептегенде көрсеткіші кезінде тексерулер жүргізудің ерекше тәртібінен босатылмайды

16. Тексерулер жүргізудің ерекше тәртібінен босатылған, 60-қа дейін қоса есептегенде тәуекел дәрежесінің көрсеткішін алған, бұзушылықтары анықталған тексерілетін субъект (объект), егер субъект анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде ақпаратты бір реттен артық ұсынбаған және (немесе) бұзушылықтарды жоймаған жағдайларда, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың орындалуын бақылау мақсатында жоспардан тыс тәртіппен тексеріледі.

Атом энергиясын  
пайдалану саласындағы  
субъектілердің тәуекелді  
дәрежесін бағалау  
өлшемшарттарына  
қосымша

## Атом энергиясын пайдалану саласындағы субъектілердің тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары

№ р/т	Өлшемшарттар (ауырлық дәрежесі төменде көрсетілген талаптарды орындамағанда бекітіледі)	Бұзушылық дәрежесі
1.	Иондандырушы сәулелену көздерін (бұдан әрі – ИСК) және сақтау пункттерін физикалық қорғау жоспарының болуы	Өрескел
2.	Сақтау пункттерін физикалық қорғауды қамтамасыз ететін ақаусыз құрылғылардың: 1) кіруді анықтаудың электрондық жүйесі (периметрлік, жергілікті); 2) араласуды индикациялау жабдығының; 3) күзетілетін бейнебақылау жүйесінің; 4) ден қою күштері бар байланыс құралдарының (телефондар, ұялы телефондар, пейджерлер, радиостанциялар) болуы	Өрескел
3.	ИСК физикалық қорғауды қамтамасыз ететін ақаусыз құрылғылардың: 1) ден қою күштері бар байланыс құралдарының (телефондар, ұялы телефондар, пейджерлер, радиостанциялар); 2) табиғи тосқауылдардың (контейнер, құндақ немесе сенімді бекіту); 3) көлік құралындағы сигнализацияның (тасымалды ИСК); 4) тоқтауды қамтамасыз ететін жабдықтардың (ИСК салынған контейнерде құлып, ИСК салынған контейнерді көлік құралына қауіпсіз бекіту) болуы	Өрескел

4.	Жеке дозаны есепке алудың толтырылған карточкаларының және дозиметрлерді беру және қабылдау журналының болуы	Елеулі
5.	Өлшеу құралдары мен бақылау аспаптарын мемлекеттік тексерудің қолданыстағы сертификаттарының болуы	Елеулі
6.	Жұмыс орындарындағы радиациялық бақылау журналының және (немесе) радиациялық бақылау жүргізу хаттамасының болуы және оны тиісінше жүргізу	Болмашы
7.	Ядролық материалдарды есепке алу және бақылауды қамтамасыз ету бойынша өкімдік құжаттарының : 1) ядролық материалдарды есепке алу және бақылау бойынша қызметті құру немесе ядролық материалдарды есепке алу және бақылау үшін жауаптыны тағайындау туралы бұйрықтың болуы ; 2) ядролық материалдарды есепке алу және бақылау қызметі немесе ядролық материалдарды есепке алу және бақылау үшін жауапты адамды тағайындау туралы бекітілген ереженің болуы ; 3) ядролық материалдарды есепке алу және бақылау бойынша бекітілген нұсқаулықтың болуы	Өрескел
8.	Атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті органға жолданған ядролық материалдардың болуы, орын ауыстыруы және орналасқан жері туралы алдын ала хабарламалар мен есептердің болуы	Болмашы
9.	ИСК есепке алу және бақылау бойынша бекітілген нұсқаулықтың болуы	Болмашы
10.	Атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті органға ИСК бар-жоғы, орын ауыстыруы және орналасқан жері туралы жолданған есептердің болуы	Болмашы
11.	Атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті органға жолданған радиациялық қауіптілігі 1 және 2 санатты радионуклидті көздерді жоспарланып отырған алу туралы ( импорт) алдын ала хабарламаның және жоспарланып отырған жөнелту туралы (экспорт) алдын ала хабарламаның болуы	Болмашы
12.	Атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті органға ұсынылған ИСК бар-жоғы, орын ауыстыруы және орналасқан жері туралы есептің деректерімен радиациялық қауіптіліктің 1, 2 және 3 санатты радионуклидті көздердің нақты болуының сәйкестігі	Өрескел
13.	Атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті органға ұсынылған ИСК бар-жоғы, орын ауыстыруы және орналасқан жері туралы есептің деректерімен радиациялық қауіптіліктің 4 және 5 санатты радионуклидті көздердің, сондай-ақ иондандырушы сәулеленуді генерациялайтын электрфизикалық қондырғылардың болуының сәйкестігі	Елеулі
14.	Көздердің жұмыс орындарында және қоймаларда орналасқан жерлерінің, сондай-ақ объектінің аумағында иондаушы сәулелену тудыратын радиоизотопты аспаптар мен электрфизикалық құрылғылардың орналасқан жерлерінің карта-схемаларының болуы, және карта-схемалардың көздердің нақты орналасуымен сәйкестігі	Елеулі
15.	Атом энергиясын пайдалану саласында тиісті лицензиясының болуы	Өрескел
16.	Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау туралы куәліктің болуы	Елеулі
17.	Атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті органмен радиациялық объектінің ықтимал қауіп-қатер санаттарын келісудің болуы	Болмашы
18.	Радиациялық шоғырларға калибрлеу жүргізуге және иондаушы сәулелену көздері жұмысының сапасын бақылауға жауапты медициналық физиктердің: 1) медициналық физиктердің шоғырға калибрлеу жүргізу және сапаны бақылау бойынша дипломдарының және арнайы даярлығы туралы құжаттарының; 2) радиотерапиялық қондырғының сапасын бақылау бағдарламасының және шоғырларға	Елеулі



	калибрлеу жүргізу және сапасын бақылау соңғы хаттамасының; 3) шоғырларды калибрлеу және сапаны бақылау үшін пайдаланылатын құралдарды тексеру сертификаттарының болуы	
19	Меншік құқығындағы немесе басқа да заңды негіздегі радиоактивті қалдықтарға арналған қойманың болуы	Өрескел
20	Меншік құқығындағы немесе басқа да заңды негіздегі радиоактивті заттарға, аспаптарға және қондырғыларға арналған қойманың болуы	Өрескел
21	Құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен қондырғыларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүргізу туралы құжаттаманың болуы	Өрескел
22	Иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптар мен қондырғыларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүргізу туралы құжаттаманың болуы	Өрескел
23	Жұмыстарды орындау үшін қажетті меншік құқығындағы немесе басқа да заңды негіздегі мамандандырылған үй-жайлардың болуы	Өрескел
24	Атом энергиясын пайдалану саласындағы тиісті лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлға берген аппараттың пайдалану параметрлеріне (сапасын бақылау) бақылау жүргізу хаттамасының болуы	Елеулі
25	Қолданылатын аспаптардың әрбір параметрі, сынау мерзімділігі бойынша тестілеудің түрлері мен әдістемелерін сипаттай отырып тестілік сынаулар жүргізу бағдарламасының болуы	Елеулі
26	Өлшеу құралдарының, бақылау аспаптарының, қосалқы материалдар мен жабдықтардың болуы	Елеулі
27	Ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды, радиоизотоптық көздерді, радиоактивті қалдықтарды, құрамында радиоактивті заттар бар құралдар мен қондырғыларды тасымалдауға арналған арнайы көлік құралдарының болуы	Өрескел
28	Тиісті білімі, дайындығы бар және мынадай жұмыстарды жүзеге асыруға жіберілген мамандар мен техниктердің білікті құрамының болуы: 1) еңбек шарттары; 2) біліктілігін және лауазымының функционалдық міндеттеріне сәйкес келетін теориялық және практикалық дайындықтан өткенін растайтын құжаттарды (сертификаттар, куәліктер)	Өрескел
29	Жұмыстың негізгі тәсілдерін, операцияларды орындаудың ретті тәртібін, жұмыстың шегі мен жағдайларын айқындайтын жұмыстарды орындаудың технологиялық регламентінің болуы	Өрескел
30	Радиациялық факторлардың белгіленген бақылау деңгейлерінің болуы	Болмашы

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2018 жылғы 30 қазандағы  
№ 426 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2018 жылғы 30 қазандағы  
№ 35 бірлескен бұйрығына  
2-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2015 жылғы 23 желтоқсандағы  
№ 747 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің

**Қызметін ядролық қондырғыларды қоспағанда, ықтимал радиациялық қауіптілігі III санаттағы объектілермен жүзеге асыратын субъектілерге қатысты атом энергиясын пайдалану саласындағы тексеру парағы**

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган \_\_\_\_\_

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/ профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт \_\_\_\_\_

(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы \_\_\_\_\_

Бақылау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі),  
бизнес-сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

Орналасқан мекенжайы \_\_\_\_\_

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4	5	6
1.	Иондандырушы сәулелену көздерін (бұдан әрі – ИСК) және сақтау пункттерін физикалық қорғау жоспарының болуы				
2.	Сақтау пункттерін физикалық қорғауды қамтамасыз ететін ақаусыз құрылыстардың: 1) кіруді анықтаудың электрондық жүйесінің (периметрлік, жергілікті); 2) араласуды индикациялау жабдығының; 3) күзетілетін бейнебақылау жүйесінің; 4) ден қою күштері бар байланыс құралдарының ( телефондар, ұялы телефондар, пейджерлер, радиостанциялар) болуы				
3.	ИСК физикалық қорғауды қамтамасыз ететін ақаусыз құрылыстардың: 1) ден қою күштері бар байланыс құралдарының ( телефондар, ұялы телефондар, пейджерлер, радиостанциялар); 2) табиғи тосқауылдардың (контейнер, құндақ немесе сенімді бекіту); 3) көлік құралындағы сигнализацияның (тасымалды ИСК);				

	4) тоқтауды қамтамасыз ететін жабдықтардың (ИСК салынған контейнерде құлып, ИСК салынған контейнерді көлік құралына қауіпсіз бекіту) болуы				
4.	Жеке дозаны есепке алудың толтырылған карточкаларының және дозиметрлерді беру және қабылдау журналының болуы				
5.	Өлшеу құралдары мен бақылау аспаптарын мемлекеттік тексерудің қолданыстағы сертификаттарының болуы				
6.	Жұмыс орындарындағы радиациялық бақылау журналының және (немесе) радиациялық бақылау жүргізу хаттамасының болуы және оны тиісінше жүргізу				
7.	Ядролық материалдарды есепке алу және бақылауды қамтамасыз ету бойынша өкімдік құжаттаманың: 1) ядролық материалдарды есепке алу және бақылау бойынша қызметті құру немесе ядролық материалдарды есепке алу және бақылау үшін жауаптыны тағайындау туралы бұйрықтың болуы; 2) ядролық материалдарды есепке алу және бақылау қызметі немесе ядролық материалдарды есепке алу және бақылау үшін жауапты адамды тағайындау туралы бекітілген ереженің болуы; 3) ядролық материалдарды есепке алу және бақылау бойынша бекітілген нұсқаулықтың болуы				
8.	Атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті органға жолданған ядролық материалдардың бар-жоғы, орын ауыстыруы және орналасқан жері туралы алдын ала хабарламалар мен есептердің болуы				
9.	ИСК есепке алу және бақылау бойынша бекітілген нұсқаулықтың болуы				
10	Атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті органға ИСК бар-жоғы, орын ауыстыруы және орналасқан жері туралы жолданған есептердің болуы				
11	Атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті органға жолданған радиациялық қауіптілігі 1 және 2 санатты радионуклидті көздерді жоспарланып отырған алу туралы (импорт) алдын ала хабарламаның және жоспарланып отырған жөнелту туралы (экспорт) алдын ала хабарламаның болуы				
12	Атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті органға ұсынылған ИСК бар-жоғы, орын ауыстыруы және орналасқан жері туралы есептің деректерімен радиациялық қауіптіліктің 1, 2 және 3 санатты радионуклидті көздердің нақты болуының сәйкестігі				
13	Атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті органға ұсынылған ИСК бар-жоғы, орын ауыстыруы және орналасқан жері туралы есептің деректерімен радиациялық қауіптіліктің 4 және 5 санатты радионуклидті көздердің, сондай-ақ иондандырушы сәулеленуді генерациялайтын электрфизикалық қондырғылардың болуының сәйкестігі				
	Көздердің жұмыс орындарында және қоймаларда орналасқан жерлерінің, сондай-ақ объектінің аумағында иондаушы сәулелену тудыратын радиоизотопты аспаптар				

14	мен электрфизикалық құрылғылардың орналасқан жерлерінің карта-схемаларының болуы, карта-схемалардың көздердің нақты орналасуымен сәйкестігі				
15	Атом энергиясын пайдалану саласында тиісті лицензиясының болуы				
16	Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау туралы куәліктің болуы				
17	Атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті органмен радиациялық объектінің ықтимал радиациялық қауіп-қатер санаттарын келісудің болуы				
18	Радиациялық шоғырларға калибрлеу жүргізуге иондаушы сәулелену көздері жұмысының сапасын бақылауға және жауапты медициналық физиктердің: 1) медициналық физиктердің шоғырға калибрлеу жүргізу және сапаны бақылау бойынша дипломдарының және арнайы даярлығы туралы құжаттарының; 2) радиотерапиялық қондырғының сапасын бақылау бағдарламасының және шоғырларға калибрлеу жүргізу және сапасын бақылау соңғы хаттамасының; 3) шоғырларды калибрлеу және сапаны бақылау үшін пайдаланылатын құралдарды тексеру сертификаттарының болуы				
19	Меншік құқығындағы немесе басқа да заңды негіздегі радиоактивті қалдықтарға арналған қойманың болуы				
20	Меншік құқығындағы немесе басқа да заңды негіздегі радиоактивті заттарға, аспаптарға және қондырғыларға арналған қойманың болуы				
21	Құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен қондырғыларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүргізу туралы құжаттаманың болуы				
22	Жұмыстарды орындау үшін қажетті меншік құқығындағы немесе басқа да заңды негіздегі мамандандырылған үй-жайлардың болуы				
23	Атом энергиясын пайдалану саласындағы тиісті лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлға берген аппараттың пайдалану параметрлеріне (сапасын бақылау) бақылау жүргізу хаттамасының болуы				
24	Өлшеу құралдарының, бақылау аспаптарының, қосалқы материалдар мен жабдықтардың болуы				
25	Ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды, радиоизотоптық көздерді, радиоактивті қалдықтарды, құрамында радиоактивті заттар бар құралдар мен қондырғыларды тасымалдауға арналған арнайы көлік құралдарының болуы				
26	Тиісті білімі, дайындығы бар және мынадай жұмыстарды жүзеге асыруға жіберілген мамандар мен техниктердің білікті құрамының болуы: 1) еңбек шарттары; 2) біліктілігін және лауазымының функционалдық				

	міндеттеріне сәйкес келетін теориялық және практикалық дайындықтан өткенін растайтын құжаттар (сертификаттар, куәліктер)				
27	Жұмыстың негізгі тәсілдерін, операцияларды орындаудың ретті тәртібін, жұмыстың шегі мен жағдайларын айқындайтын жұмыстарды орындаудың технологиялық регламентінің болуы				
28	Радиациялық факторлардың белгіленген бақылау деңгейлерінің болуы				

Лауазымды тұлға(лар) \_\_\_\_\_  
(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда))

\_\_\_\_\_ (лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда))

Бақылау субъектісінің басшысы \_\_\_\_\_  
(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда))

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2018 жылғы 30 қазандағы  
№ 426 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2018 жылғы 30 қазандағы  
№ 35 бірлескен бұйрығына  
3-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2015 жылғы 23 желтоқсандағы  
№ 747 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2015 жылғы 28 желтоқсандағы  
№ 811 бірлескен бұйрығына  
3-қосымша

**Қызметін ядролық қондырғыларды қоспағанда, ықтимал радиациялық қауіптілігі IV санаттағы объектілермен жүзеге асыратын субъектілерге қатысты атом энергиясын пайдалану саласындағы тексеру парағы**

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган \_\_\_\_\_

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/ профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт \_\_\_\_\_

(№, күні)  
Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы \_\_\_\_\_

Бақылау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі),  
 бизнес-сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

Орналасқан мекенжайы \_\_\_\_\_

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4	5	6
1.	Жеке дозаны есепке алудың толтырылған карточкаларының және дозиметрлерді беру және қабылдау журналының болуы				
2.	Өлшеу құралдары мен бақылау аспаптарын мемлекеттік тексерудің қолданыстағы сертификаттарының болуы				
3.	Жұмыс орындарындағы радиациялық бақылау журналының және (немесе) радиациялық бақылау жүргізу хаттамасының болуы және оны тиісінше жүргізу				
4.	ИСК есепке алу және бақылау бойынша бекітілген нұсқаулықтың болуы				
5.	Атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті органға ИСК бар-жоғы, орын ауыстыруы және орналасқан жері туралы жолданған есептердің болуы				
6.	Атом энергиясын пайдалану саласында тиісті лицензиясының болуы				
7.	Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау туралы куәліктің болуы				
8.	Атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті органмен радиациялық объектінің ықтимал қауіп-қатер санаттарын келісудің болуы				
9.	Иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптар мен кондырғыларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүргізу туралы құжаттаманың болуы				
10	Жұмыстарды орындау үшін қажетті меншік құқығындағы немесе басқа да заңды негіздегі мамандандырылған үй-жайлардың болуы				
11	Атом энергиясын пайдалану саласындағы тиісті лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлға берген аппараттың пайдалану параметрлеріне (сапасын бақылау) бақылау жүргізу хаттамасының болуы				
12	Қолданылатын аспаптардың әрбір параметрі, сынау мерзімділігі бойынша тестілеудің түрлері мен әдістемелерін сипаттай отырып тестілік сынаулар жүргізу бағдарламасының болуы				
13	Өлшеу құралдарының, бақылау аспаптарының, қосалқы материалдар мен жабдықтардың болуы				
	Тиісті білімі, дайындығы бар және мынадай жұмыстарды жүзеге асыруға жіберілген мамандар мен техниктердің білікті құрамының болуы:				

14	1) еңбек шарттары; 2) біліктілігін және лауазымының функционалдық міндеттеріне сәйкес келетін теориялық және практикалық дайындықтан өткенін растайтын құжаттар (сертификаттар, куәліктер)				
15	Жұмыстың негізгі тәсілдерін, операцияларды орындаудың ретті тәртібін, жұмыстың шегі мен жағдайларын айқындайтын жұмыстарды орындаудың технологиялық регламентінің болуы				
16	Радиациялық факторлардың белгіленген бақылау деңгейлерінің болуы				

Лауазымды тұлға(лар) \_\_\_\_\_

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда)

\_\_\_\_\_

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда)

Бақылау субъектісінің басшысы \_\_\_\_\_

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда)